

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімді және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге қаржылай көмекке қатысты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасы Бас штабының арасындағы Атқару хаттамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 10 маусым N 623

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2002 жылғы 14 наурызда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісім және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге қаржылай көмекке қатысты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасы Бас штабының арасындағы Атқару хаттамасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы
Өтеусіз әскери көмек туралы
келісім**

(2002 жылғы 10 шілдеде күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі,

бұрынғы уақыттан бері орын алып келе жатқан ұзақ мерзімді және достық қарым-қатынасты растай отырып,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 8 тамыздағы Әскери ғылым, техника мен білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы 1993 жылғы 23 ақпандағы Әскери білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ескере отырып,

әскери ынтымақтастықты нығайту және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін реформалау ісіне үлес қосуға ұмтылу мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметіне Түрік Республикасының Үкіметі АҚШ долларына баламалы 1 420 178 000 000 (бір триллион төрт жүз жиырма миллиард жүз жетпіс сегіз миллион) түрік лирі сомасында өтеусіз әскери көмек береді.

Өтеусіз әскери көмек беру 2002 жылдан басталады.

2-бап

Өтеусіз көмектің АҚШ долларына баламалы 1 333 500 000 000 (бір триллион үш жүз отыз үш миллиард бес жүз миллион) түрік лирі сомасындағы бөлігі материалдар мен қызмет көрсетулер түрінде беріледі, ал АҚШ долларына баламалы 86 678 000 000 (сексен алты миллиард алты жүз жетпіс сегіз миллион) түрік лирі сомасындағы бөлігі Түрік Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық көмек түрінде көрсетіледі.

3-бап

АҚШ долларына баламалы 1 420 178 000 000 (бір триллион төрт жүз жиырма миллиард жүз жетпіс сегіз миллион) түрік лирі сомасындағы өтеусіз әскери көмек Тараптардың құзыретті органдары жасасатын, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын атқару хаттамаларына сәйкес айқындалатын болады.

4-бап

Қазақстан тарабы алдын ала Түрік тарабының келісімін алмай, Түрік тарабынан алынған материалдар мен қызмет көрсетулерді немесе оларды пайдалану құқығын үшінші Тарапқа бермеуге келісті.

5-бап

Осы Келісім, Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап кү ш і н е е н е д і .

Осы Келісім мен 3-бапта атап көрсетілген атқару хаттамалары Түрік Республикасының Үкіметі материалдық және қаржылық көмекті Қазақстан Республикасының Үкіметіне толық берген сәтінен бастап өзінің қолданысын тоқтатады .

Өтеусіз әскери көмек туралы келісім Тараптардың мынадай құзыретті органдары мен і с к е а с ы р ы л а д ы :

Қазақстан тарабынан - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен;
Түрік тарабынан - Түрік Республикасының Бас штабымен.

Осы Келісімді іске асыру кезінде туындайтын қандай да бір келіспеушіліктер өзара келіссөздер мен консультациялар жолымен шешілетін болады.

Астана қаласында 2002 жылғы 14 наурызда әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін талқылауда келіспеушілік туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Түрік Республикасының

Үкіметі үшін

Қ о л ы :

Қ о л ы :

Т е г і :

Т е г і :

Атағы: генерал-полковник

Атағы: армия генералы

Лауазымы: Қазақстан Республикасының

Лауазымы: Түрік Республикасы

Қорғаныс министрі

Бас штабының бастығы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасы Үкіметінің арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге қаржылай көмекке қатысты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасы Бас штабының арасындағы АТҚАРУ ХАТТАМАСЫ

(2002 жылғы 10 шілдеде күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы өтеусіз әскери көмек туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасы Үкіметінің арасында Келісім шеңберінде ұсынылатын қаржылай көмекті пайдалану туралы мынадай баптар бойынша келісті.

1-бап

Мақсаты

Осы Атқару хаттамасының мақсаты Қазақстан Республикасының Үкіметіне Түрік Республикасының Үкіметі беретін, АҚШ долларына баламалы 86 678 000 000 (сексен алты миллиард алты жүз жетпіс сегіз миллион) түрік лирі сомасындағы қаржылай көмектің негізгі бағыттарын белгілеу болып табылады.

2-бап

Негізгі бағыттар

Түрік Тарапынан берілген қаржылай көмек мынадай іс-шараларды қамтамасыз ету мақсатындағы шығындарды төлеу үшін пайдаланылатын болады:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі қызметкерлерінің Түрік Республикасында "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" курстарында болу.

2. Түрік Республикасы әскери делегацияларының Халықаралық әскери көмек бағдарламасын жоспарлау мақсатында Қазақстан Республикасына келу.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі қызметкерлерінің екі жақты қарым-қатынастарды кеңейту және "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасы бойынша НАТО-ның іс-шараларына қатысу мақсатында Түрік Республикасында болу.

4. Брюссель қаласындағы (Бельгия Корольдігі) НАТО-ның штаб-пәтері жанындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери өкілінің қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімді іске асыру мақсатында Тараптардың өзара келісуі бойынша жүзеге асырылатын басқа да іс-шаралар.

3-бап

Орындау тәртібі

Қаржылай көмекті орындаудың мынадай тәртібі белгіленеді:

1. АҚШ долларына баламалы 13 339 000 000 (он үш миллиард үш жүз отыз тоғыз миллион) түрік лирі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қызметкерлері үшін Түрік Республикасында болу уақытында курстарды ұйымдастыру шығындарын жабу үшін беріледі, бұл орайда осы соманы пайдаланудың мынадай негізгі бағыттары белгіленеді:

а) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери қызметкерлерінің авиация билеті, тамақтану, тұратын орны, курстарға төлеу шығындары, сондай-ақ басқа да шығындар.

б) қазақстандық әскери қызметкерлерді курстарға жіберу үшін іріктеу жүргізу Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әзірлеген әскери оқу орнына қабылдаудың қолданылып жүрген ережелеріне сәйкес жыл сайын өткізілетін болады. Мынадай жағдайда, егер оқытуға байланысты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қажеттілігі осы мақсатқа бөлінген сомадан асатын болса, Түрік Республикасының Бас штабы қосымша шығындарды жабу үшін қажетті шаралар қолданатын болады.

2. АҚШ долларына баламалы 10 000 000 000 (он миллиард) түрік лирі Халықаралық әскери көмек бағдарламасын жоспарлау мақсатында Қазақстан Республикасына келетін Түрік Республикасы әскери делегацияларының көлік шығындарын, сондай-ақ тамақтану мен тұратын орнына жұмсалатын шығындарды жабу үшін беріледі.

3. АҚШ долларына баламалы 10 000 000 000 (он миллиард) түрік лирі Тараптар арасындағы ен жақты қарым-қатынасты кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігі әскери қызметкерлерінің Түрік Республикасына сапарына байланысты шығындарды жабу, сондай-ақ НАТО-ның бағдарламасы бойынша "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" іс-шараларына қатысу шығындары үшін беріледі. Сондықтан Қазақстан тарабы осы соманы пайдаланудың негізгі бағыттарын анықтайды .

4. АҚШ долларына баламалы 40 000 000 000 (қырық миллиард) түрік лирі Бельгияның Брюссель қаласындағы НАТО-ның штаб-пәтері жанындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери өкілінің қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындарды жабу үшін беріледі. Бұл орайда берілген ресурстар Қазақстан Республикасы өкілінің мынадай шығыстарын жабу үшін п а й д а л а н ы л а т ы н б о л а д ы :

а) қызметтік және тұрғын жайларды жалға алу (жылу мен электр шығындарын қоса а л ғ а н д а) ;

б) тұрғын және қызметтік жайларды, сондай-ақ пайдалануға берілетін мүліктерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

в) телефон және факсимильдік байланысының қызметі;

г) кеңсе тауарларын сатып алуға жұмсалатын шығындар;

д) Қазақстан тарабы Түрік тарабының қарауына енгізуі мүмкін басқа шығындар.

5. АҚШ долларына баламалы 13 339 000 000 (он үш миллиард үш жүз отыз тоғыз миллион) түрік лирі осы Атқару хаттамасының күшіне енуі барысында Тараптардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылатын басқа да іс-шараларды өткізу шығыстарын жабу үшін п а й д а л а н ы л а т ы н б о л а д ы .

6. Осы Атқару хаттамасына сәйкес берілетін қаржылай көмек Түрік тарабы Түрік Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің Әскери атташесімен айқындайтын банктегі шотқа аударылатын болады. Сондықтан қаржылық көмекті пайдалануға бақылауды осы Хаттамаға сәйкес Түрік Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің Әскери атташесі жүзеге асырады.

7. Қажет жағдайда ресурстарды қайта бөлуді Қазақстан тарабының келісімі бойынша Түрік тарабы жүргізеді.

4-бап

Толықтыру мен қайта қарау

Осы Атқару хаттамасына Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Атқару хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және осы Атқару хаттамасының 6-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

Осы Атқару хаттамасын орындау барысында туындайтын барлық келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешілетін болады.

5-бап

Қызмет мерзімі

Осы Атқару хаттамасы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен - Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімнің 1-бабында көзделген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне Түрік Республикасының Бас штабы қаржылай көмекті толық бергенге дейін күшінде болады.

6-бап

Бекіту және күшіне ену

Осы Атқару хаттамасы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

7-бап

Мәтіні және қолдар

Осы Атқару хаттамасы Астана қаласында 2002 жылғы 14 наурызда әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі данадан жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Атқару хаттамасының ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі үшін

Бас штабы үшін

Түрік Республикасының

Қ о л ы :

Қ о л ы :

Тегі: М.Қ. Алтынбаев

Тегі: Х. Кыврыкоглу

Атағы: генерал-полковник

Атағы: армия генералы

Лауазымы: Қазақстан

Лауазымы: Түрік Республикасы

Республикасының Қорғаныс

Бас штабының бастығы

министрі

М а м а н д а р :

Б а г а р о в а

Ж . А . ,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК